15 ТДМ міндеттері

15.1 2020 жылға қарай халықаралық келісімдерден бастау алатын міндеттемелерге сәйкес жер үсті және ішкі тұщы су экожүйелерін және олардың көрсетілетін қызметтерін, соның ішінде ормандардың, сулы-батпақты алқаптардың, таулардың және шөлейт жерлердің сақталуын, қалпына келтірілуін және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету

15.2 2020 жылға қарай ормандардың барлық түрлерін тиімді пайдалану әдістерін енгізуге жәрдемдесу, ормансыздануды тоқтату, деградацияға ұшыраған ормандарды қалпына келтіру және бүкіл әлемдегі орман өсіру және орманды қалпына келтіру масштабтарын барынша кеңейту

15.3 2030 жылға қарай шөлге айналумен күресу, шөлге айналған, құрғақшылыққа ұшыраған және су басқан жерлерді қоса алғанда, деградацияға ұшыраған жерлер мен топырақтарды қалпына келтіру және бүкіл әлемдегі жердің жағдайын нашарлатпауға ұмтылу

15.4 2030 жылға қарай тау экожүйелерінің, соның ішінде олардың биологиялық алуан түрлілігін, олардың тұрақты дамуына қажетті игіліктерді беру мүмкіндіктерін арттыру үшін сақталуын қамтамасыз ету

15.5 Тіршілік етудің табиғи орталарының деградациясын тежеу бойынша шұғыл түрде елеулі шараларды қолдану, биологиялық алуан түрлілікті жоғалтуды тоқтату және 2020 жылға қарай қырылу қаупінде тұрған түрлерді сақтауды және жоғалуының алдын алуды қамтамасыз ету

15.6 Генетикалық ресурстарды пайдалану игіліктерін әділетті бөлуге жәрдемдесу және халықаралық деңгейде келісілген шарттарда осындай ресурстарға тиісті қол жеткізуді қамтамасыз етуге ықпал ету

15.7 Браконьерлікке және флора мен фаунаның қорғалатын түрлерінің контрабандалық саудасын болдырмау үшін шұғыл түрде шаралар қабылдау және тірі табиғаттың заңсыз өнімдеріне, сондай-ақ оларды ұсынуға деген сұранысқа қатысты проблемаларды шешу

15.8 2020 жылға дейін бөтен инвазивті түрлердің енуінің алдын алу және олардың жер үсті және су экожүйелеріне әсерін едәуір азайту бойынша шаралар қолдану, сондай-ақ, басым түрлерінің сандарының шектелуінің немесе жойылуының алдын алу шаралар қолдану

15.9 2020 жылға қарай жалпыұлттық және жергілікті жоспарлау және даму процестері барысында, сондай-ақ кедейлік масштабтарын қысқарту стратегиялары мен жоспарларын әзірлеу кезінде экожүйелер мен биологиялық алуан түрлілік құндылығын есепке алуды қамтамасыз ету

15.a Биологиялық алуан түрлілік пен экожүйелерді сақтау және тиімді пайдалану мақсатында барлық көздерден қаржылық қорларды жұмылдыру және айтарлықтай ұлғайту

15.b Орманды тиімді пайдалануды қаржыландыру үшін барлық көздерден және барлық деңгейде елеулі ресурстарды жұмылдыру және осындай басқару әдістерін пайдалану, соның ішінде ормандарды сақтау және қалпына келтіру үшін дамушы елдерді сәйкесінше ынталандыру

15.c Браконьерлікпен және күзетілетін түрлердің контрабандалық саудасымен күрес жөніндегі жаһандық күш-жігерді жандандыру, оның ішінде жергілікті халықтың экологиялық тұрғыдан қауіпсіз түрде өмір сүру құралдарын алу мүмкіндіктерін кеңейту арқылы

Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 15.1, 15.2, 15.3, 15.4, 15.5, 15.6, 15.7, 15.9, 15.c

ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
QAZAQSTAN